Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.1, ч.2 – Б. 300-301

ЕТ БАҒЫТЫНДАҒЫ ІРІ ҚАРА МАЛЫНЫҢ ГЕНЕТИКАЛЫҚ ӘЛЕУЕТІН БАҒАЛАУДЫҢ ЖАҢА ӘДІСТЕРІН ҚҰРАСТЫРУ

Танирбергенова А.Б.

Етті ірі қара шаруашылығының селекциялық даму барысы малдарды дұрыс таңдау мен талдауға байланысы. Бұл мақсат үшін ірі қара малдың асылтұқымдық құндылығын анықтауының ғылыми – негізделген әдіс, тәсілдерін құрау керек. Кез-келген жануарлардың генотипін құру барысында қоршаған орта факторларының өзіндік ролі бар екенін ұмытпаған жөн. Ал етті ірі қара малында бұзаулардың тірі салмағы енесінің жасына тікелей байланысты болады.

Өндірістік тәжірибе Солтүстік Қазақстан облысы,Тайыншы ауданы, Аққұдық ауылдық округінде орналасқан «Алабота» асылтұқымды зауытында өтілді.Шаруашылықта өсірілетін малдың жалпы саны 10502 басты құрайды. Популяция бойынша қазақтың ақбас сиыры тұқымының бұзауларының туылған кездегі орташа тірі салмағы - бұқашықтарда 25,4 кг, ал тайыншаларда 24,4 кг көрсетті.

Қазақтың ақбас сиыры тұқымы бойынша бұқашықтардан да тайыншалардан да нақтылық айырмашылық барлық туылым барысында байқалады. Тек 3 және 6, 3 және 7, 4 және 5 туылым кезіндегі бұзаулардың салмақтарында байқалмайды. Сонымен қатар, 3 және 4, 3 және 5 туылым кезінде алынған төлдердің тірі салмағының нақтылық айырашылығы өте жоғары. 3 және 4,6,7 туылым кезіне алынған бұзаулардың тірі салмағының нақтылық айырмалышығы байқалмады, сонымен қатар 2 және 5, 2 және 6 туылым кезіндегі алынған бұзаулардың ара айырмашылығы нақты. 3 және 4,6 және 7 туылымнан алынған бұзаулардың тірі салмағының нақтылығы байқалмады. Бірақ, 3 және 5 туылымнан алынған бұзаулардың тірі салмағының нақтылық көрсеткіштерінде айырмашылық байқалды. Сонымен қатар алғанда, 4,5 және 6 туылымнан алынған бұзаулардың тірі салмағының нақтылық көрсеткіштерінде айырмашылық болмады. Ол дегеніміз,бұзаудың тірі салмағын түзеті барысында базалық нүктесі ретінде енесінің жасына жоғарыда аталған туылым кезіндегі сиырлардан алынған бұзаулардың тірі салмағы негізделініп алынады. Қазақтың ақбас сиырының 4 және 5 туылым кезінде алынған бұзауларының тірі салмағы 26,3 кг көрсетті.

Бұзаудың туылған кезіндегі асыл тұқымдық құндылығын бағалау барысында енесінің жасын меңгеруге мүмкіндік беретін түзету коэффициенті құралды.

Нақтылық айырмашылығы 1 және 5, 2 және 5, 3 және 5, 4 және 5, 5 және 6, 5 және 7 туылым кезінде анықталды. Зерттеудің бірінші кезеңінде (4

шаруа қожалықтан толығымен мәліметтер алғанша) бастапқы негіз ретінде 5 туылым кезінде алынған сиырлардың бұзауларынан құраған жөн. Себебі олардың енесінің жасына қарай отырып олардың тірі салмағын түзету коэффицентін құрауға мүмкіндік береді.

Жүргізілетін зерттеу нәтижесінде ірі қара малының тірі салмағын есептейтін жаңа әдіс құралу тиіс. Ол дегеніміз бұзаудың енесінің жас көрсеткішін түзете отырып жетістіктерге жету мүмкіндігін береді.

Туылған кездегі түзету коэффиценті отандық етті бағыттағы ірі қара малдарының үлкен көлемінде жүргізілді. Зерттеу нәтижелері бұзаулардың туылған кезіндегі тірі салмағын түзету коэффицентінің негіз бола алатын көрсеткішті анықтады. Ол дегеніміз бұзаулардың туылған кездегі асылтұқымдық құндылықтарын анықтауға мүмкіндік береді. 5-ші туылым кезінде алынған бұзаулардың тірі салмағының негіздік есебін анықтай отырып, бұзауларды енесінен ажырату кезіндегі түзету коэффицентінің болжамдық есебін алуға мүмкіндік берді. Дәл осы нүктеден бастап түзету коэффиценті құралған. Құралған коэффиценттер бұзаудың енесінің жасын түзете отырып, бұзаудың туылған кезіндегі тірі салмағын анықтауға мүмкіндік берді (негізгі шаруақожалықтарда бұзауларды енесінен ажырату қазан – қараша айларында өтеді).

Жүргізілген зерттеу жұмыстары мен түзету коэффицентінің құрылуы жаңа формуланың түзетілуіне негіз берді. Ал ол бұзауды енесінен айыру кезіндегі шынайы асылтұқымдық құндылығын енесінің жасын, қоршаған ортаның факторын ескере отырып анықтауға болатындығы дегеніміз. Келесі зерттеулер дәл осы мал басында, тек 12 айлық жас кезінде жүргізіледі.

Келесіде жеке – дара индексі дегеніміз асылтұқымдық құндылықтар индексі түсінігіне енуі қажет (210 күндік және 12 айлық кезіндегі асылтұқымдық құндылығы).

Жетекші: а.ш.ғ.д, профессор А.АТөреханов